Бекітемін

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** «Бөбек» бөбекжай - балабақшасы
**Топ: «Көгершін»** ортаңғы тобы
**Балалардың жасы :** 3-4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі :** 23 – 27 қаңтар айы, 2023 оқу жылы
**Тәрбиешілер:Камысбаева М.К. Аллашева Л.Ж**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.<br><br>Дамытушы орта-Күзгі орман<br><br>**Нейрожаттығу:** «Сәлемдесу» (коммуникативті әрекетті дамыту) | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру<br><br>**Нейрожаттығу:** «Сәлемдесу» (коммуникативті әрекетті дамыту)<br><br>Кітапханадағы кітаптарды қарау*(коммуникативтік танымдық іс-әрекет)* | **Қуанышты көңіл күй**<br>Жол сақшысы балаларды қабылдау бөлмесінде үш түсті шарламен қарсы алады.<br>**Ойын:** «Бағдаршам»<br>Мақсаты-міндеті: Балалар қызыл түсті дөңгелекті көрсеткенде тыныштық сақтайды, ал сары түсті дөңгелекті көрсеткенде алақандарын соғады, ал жасыл | **Қуанышты көңіл күй:**<br><br>**Нейрожаттығу:** «Сәлемдесу» (коммуникативті әрекетті дамыту,танымдық белсенділікті | Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатыны жайлы әңгімелесу.<br><br>Кітапханадағы кітаптарды қарау*(коммуникативтік танымдық іс-әрекет)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | т[illegible]сті көрсеткенде жүреді. | | |
| | **Апталық тақпақ**<br>Қарға оранып айнала<br>Соқты Арман аққала<br>Домалақтап ширатып<br>Жасап шықты Аққала | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесу** | **Таңғы сүзгі:**<br>Қысқы пейзаж бейнеленген суретті көрсету.<br>**«Аязды қыста қалай киіну керек»** әңгімесі<br>Мақсаты: Балаларға жылы киінбесе не болатынын еске түсіру.<br>Суретші қай жыл мезгілін салған?<br>Суретте қандай түс көбірек<br>Қыста ақ түс не?<br>Қар нені жауып жатыр?<br>Қар көп жауған кезде бұл құбылыс қалай аталады?<br>Қыста ауа райы қандай болады?<br>Қар туралы қандай әдемі сөздер айтуға болады | **Ата-аналарға кеңес:**<br><br>Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау<br><br>*(сөйлеуді дамыту)* | **Ата-аналарға кеңес:**<br><br>Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>*(сөйлеуді дамыту)* | **Таңғы шеңбер**<br>**«Ауылдағы қыс»** картинасының көрсетілімі<br>Бұл сурет не туралы?<br>Неліктен құбырлардан түтін шығады?<br>Неліктен адамдар пешті жылытады?<br>Балалар не істеп жатыр?<br>Ат не істеп жүр?<br>Неліктен шаналардың дөңгелектері болмайды?<br>Қалай ойлайсыңдар, суреттегі адамдарға қыс ұнайды ма<br>**Дид / ойын** «Бұл кезде болған »<br>**Мақсаты:** пиктограммалар арқылы қыс және күз табиғат құбылыстарын топтастыру. Жанды және | **Таңғы шеңбер**<br>Балалар, сендер қыста далада серуендегенді ұнатасыңдар ма? - Неліктен аязды ауа-райында серуендегенді ұнатасыз?<br>-Егер сіз үнемі үйде отырмай, көктемді күтпесеңіз не болуы мүмкін? (ауырып қалуы мүмкін) Бірақ суық ауа райынан ауырып қалуыңыз мүмкін бе?<br>- Суық тиіп қалмас үшін қалай киіну керек?<br>-Қыста далада қандай ойындар ойнауға болады?<br>Қыста далада не істеуге болмайды? (қарға отыруға, қар жеуге, бас киіміңді шешуге)<br>Әртүрлі жануарларға айналуды және ойнауды ұнатасыз ба?<br>«Кім не істейді» ойыны<br>**Мақсаты:** балалардың жануарлардың әдеттері туралы білімдерін нақтылау (қасқыр - аң |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| [redacted] | [redacted] ма/ойыны<br><br>**Мақсаты**: есту зейінін дамыту<br>*(сөйлеуді дамыту)* | [redacted] | [redacted] | [redacted] құбылыстары арасындағы байланыс туралы түсініктерін нақтылау<br>**(сөйлеуді дамыту)** | [redacted] |
| **Балалардың өз бетінше әрекеті, қозғалғыштығы төмен ойындар, үстел ойындары, белсенділік, кітап оқу және т.б.** | «Не өзгерді»<br>**Мақсат-міндеттер.** Жабайы жануарларға деген қызығушылықты ояту бақылау зейінін дамыту<br><br>*(қоршаған орта)* | **Танымдық ойын: «Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»**<br><br>Мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.<br><br>*(Математика негіздері)*<br><br>Өткенді қайталау. | **"Лото: "Үй жануарлары"" үстел үсті ойыны.**<br><br>**Мақсат-міндеттер:** балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды, үй жануарларын, топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br><br>Түстер бойынша карточкаларды таңдау. | **"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны.**<br><br>**Мақсат-міндеттер.** Дидактикалық міндеті: балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей.<br><br>Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді.<br><br>Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу. | **"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны.**<br><br>**Мақсат-міндеттер.** Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балалардың өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br><br>Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту.<br><br>Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу.<br><br>*(сөйлеуді дамыту)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *(танымдық дағды)* | *(сөйлеуді дамыту)* | |
| **Таңғы жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен).<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, ""тауып ал"" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап ""жуамыз"" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамал тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқасынан жатып, орамалмен беттерін жауып ""ұйықтайық"" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Орамалды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>*(дене шынықтыру)* | | | | |
| | | | | | |

| | |
|---|---|
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сорптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Таусып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тамақтануға мотивация<br>Үстел басында айқайлауға, ән айтуға, би билеуге, еркелік ойнауға болмайды.<br><br>*(физикалық, коммуникативті белсенділік)* | Ойынның шарты:<br>«Тамерланға дұрыс тамақтануды қалай үйретеміз».<br><br>*(ойын, танымдық, коммуникативті әрекет)* | «Ас адамның арқауы»Балаларға тамақтың маңыздылығы туралы айту.<br><br>*(ойын, танымдық, коммуникативті әрекет)* | Тамақтануға мотивация<br>Ботқа бізде дәмдірек(сүт,қант,май),ботканы таусып жейміз.<br><br>*(физикалық, әлеуметтік – эмоционалдық белсенділік)* | Тамақтануға мотивация<br>Нанға майы жағылған,тосабыда бар.<br>*(физикалық, коммуникативті белсенділік)* |
| **Ұйымдастырылған қызметіне дайындық** | **Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.**<br><br>**Мақсат-міндеттер:** заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.<br><br>*(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)* | **"Алыста ма, жақында ма?" дидактикалық ойыны.**<br><br>**Мақсат-міндеттер:** затқа дейінгі аралықты өлшеу. Жақын ба, алыс па? Қажет сөздерді қолдана білу.<br><br>*(математика негіздері)* | **Қауырсынды тауып ал!" дидактикалық ойыны.**<br><br>**Мақсат-міндеттер:** балаларды қызыл, жасыл, сары түстерді дұрыс атауға және ажыратуға үйрету, жай және құрмалас сөйлемдерді қайталауға баулу.<br><br>*(сөйлеуді дамыту; дене шынықтыру)"* | **«Бағдаршам»**<br>(сурет қарастыру)<br>**Мақсаты-міндеттер:**<br>Түс туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br><br>**Жапсыру**<br>**"Жұбын тап"**<br>**дидактикалық ойыны.**<br><br>**Мақсаты-міндеті:** геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**(математика негіздері)** | **Дидактикалық ойын:**<br>**«Төлін тап»**<br><br>**Мақсаты-міндеттер:**<br>Балалардың зейінділік пен байқағыштығын дамыту, жануарлардың төлдерін ажыратуға үйрету.<br>«Шұбар тауық» ертегісін бірге айтайық<br>Сюжеттік-рөлдік ойын:<br>«Құыршақтың тағамдары»<br>Мақсаты: балалардың ойын жоспарын жүзеге асыру қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Суықторғай".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру, тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру. | **Дене шынықтыру**<br>"Біз құстарды аялаймыз!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникаларын жетілдіру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларына үйрету. | **Музыка**<br>би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді жасауға дағдыландыру.<br>**«Өз түсіңізді табыңыз»**<br>Мақсаты-міндеттері: Балаларға әрқайсына қызыл, сары,жасыл дөңгелек пішін беру. Музыка ойнайды бір-бірін соңпай жүгіреді. Музыка тоқтаған бойда барлығы өз шеңберлеріне сәйкес кіреді. | **Дене шынықтыру**<br>"Құстарға жем шашайық".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту, арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. | **Қазақ тілі**<br>«Құстар біздің досымыз». Қыстап қалатын құстар.<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ тіліндегі сөздерді түсінуді, қыстап қалатын құстардың атауын білу және басқа құстардан ажыратуды, сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс құрастыруды, салыстыру кезінде заттардың көлемін атауды, сөз тіркестеріндегі сөздердің аяқталуын дұрыс өзгертуді үйрету. Дыбыстарға еліктеу кезінде артикуляциялық аппаратын, көру арқылы қабыл кезіндегі көлемдерді сәйкестендіре білу қабілетін, есту, еске сақтау, көру зейінін, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Қыстап қалатын құстарға<br><br>қамқорлық сезіміне, табиғаттағы дыбыстар әлеміне қызығушылыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **серуен** | Картотека №14 | Картотека №15 | Картотека №16 | Картотека №17 | Картотека №18 |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.<br><br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)* | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, араласыныс мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сорпантамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұқыптылық дағдыларын дамытуды жалғастыру. «Біз мұқият тамақтанамыз, ешкімді тыңдамаймыз» | Ұқыптылық дағдыларға Балаларды үйрету, алақандарды ысқылау, сабын орнына қою. Әдістемелік әдістер. «Мойдодыр» алгоритмін қарастыру | Үстелдің үстіне қолыңызды созбаңыз, шырынды еденге төгіп алмаңыз. Қасықпен қатты ұрма,. Этикетті сақтаңыз - түскі ас жақсы өтеді! | Дағдылардың мазмұны: Балалардың майлықты қажетіне қарай пайдалана білу дағдыларын бекіту, көмек сұрауын ауызша айтуға үйрету. «Дымбілмеске » майлықты қалай қолдануға болатынын көрсетейік. | Өзін-өзі күту дағдыларын жетілдіру: өз бетінше киіну және шешіну. «Біз тез шешінеміз және әрине киінеміз» |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды жалғастыру.<br><br>«Шалқан» ертегісін тыңдау | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. | . Өз төсек-орнын тауып жатуды үйрету | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** «Әлди –әлди ұйықтайғой | Кірпіктеріміз айқасты, Көздеріміз жұмылды. Дем алуымыз жай ғана, Ұйқыға біз кірістік. (әуенмен) |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br><br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. | «Велосипед» жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп. аяқты кезекпен сермеу | Ауыр тастар көтеру». Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп – түсіру | Суджок терапиясын қолдану | Массажды төсеніш үстімен жүру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,<br><br>үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар<br><br>қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Құстарды сұлбасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер: қыстайтын және жыл құстары туралы балалардың білімдерін бекітуге үлес қосу, сұлбасы бойынша құстарды тани білуге машықтандыру.<br><br>Барысы: балаларға құстардың сұлбасы ұсынылады. Балалар құстарды анықтап, оларды жыл құстары немесе қыстайтын құс деп атайды.<br><br>*(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)* | **Сюжетті-рөлдік ойын: "Үй құрастырамыз".**<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс мамандықтарымен таныстыру, құрылысшылардың жұмысын жеңілдететін технологияның рөліне назар аудару, балаларды қарапайым құрылымды ғимарат салуға үйрету, ұжымда достық қарым-қатынасты дамыту, құрылысшылардың ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту.<br><br>*(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)* | **"Ұшады ұшпайды, өседі өспейді" театрландырылған ойын.**<br><br>Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілетін дамыту.<br><br>Барысы: педагог затты атайды, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қағуды көрсетеді; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады. | **"Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер: қызығушылыққа, жаңашырлыққа тәрбиелеу, сөйлеуді дамыту.<br><br>Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек.<br><br>**(қоршаған ортамен танысу)** | **"Торғайлар мен қарғалар" театрландырылған ойын.**<br><br>Мақсат-міндеттер: зейінді, төзімділікті,ептілікті дамыту.<br><br>Барысы: балалар екі топқа бөлінеді: "Торғайлар" және "Қарғалар"; содан кейін бір-біріне арқаларымен екі қатарда тұрады. Педагог атаған топ ұстап алады; аты аталмаған топ - "үйлерге" қашады (орындықтарда немесе белгілі бір сызыққа дейін). Педагог баяу сөйлейді: «Қар... - ға... - лар...». Осы сәтте екі топ қашып кетуге дайын болады. Қарапайым нұсқа: педагог атаған топ алақандарымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *(дене шынықтыру)* | | шапалақтайды, ал екінші топ орындарында қалады.<br>*(дене шынықтыру)* |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Драматизация.**<br>"Шұбар тауық" ертегі желісін саусақ театрын пайдалана отырып сахналау.<br>*(көркем әдебиет)* | **"Қыста қандай құстар қыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құстар арасынан қыстайтын құстарды табу; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>*(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)* | **"Торғай" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br>"Торғай" (ел аузынан)<br>Торғай-торғай тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтаған.<br>Торғайды торғай мақтаған,<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Іздеп бәрі жоқтаған. | **"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек. | **"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.Халық ауыз әдебиеті.<br>*(сөйлеуді дамыту)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)* | Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-<br><br>жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады.<br>Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон.<br>*(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру)* | |
| **Серуенге дайындық** | **Мақсат-міндеттер:**<br><br>- киімді дұрыс бүктеп<br><br>салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; | **Мақсат-міндеттер**:<br><br>- өз бетінше жылдам және<br><br>дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; | **Мақсат-міндеттер:**- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу | **Мақсат-міндеттер:**<br><br>ауа райына сай киінгенін<br><br>қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; | **Мақсат-міндеттер:**<br><br>- көмек көрсете білуге,<br><br>алғыс айтуға тәрбиелеу. |
| **Серуен** | Серуен №14 | Серуен №15 | Серуен №16 | Серуен №17 | Серуен №18 |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес.<br><br>"Балалармен бірге ойнаңыз". | "Жеке әңгімелер"<br><br>(ата-аналардың қалауы бойынша). | "Музыка және балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | Ата-аналарға кеңес.<br><br>"Баланы жаңғалақтықтан (ұшқалақтық, ұмытшақтық) қалай арылтуға болады?" | Балалар туындыларының көрмесі (үйірме жұмысы шеңберінде). |

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** «Бөбек»бөбекжай балабақшасы
**Топ** «Көгершін» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3-4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 30 қаңтар - 03 ақпан 2023 жыл
**Тәрбиешілері:** Камысбаева М.К Аллашева Л.Ж

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу.<br>**Үстел үсті ойыны «Бөліктерін тап»**<br>Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. | Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу.<br>**Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?»**<br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br><br>**Математика негіздері** | Балаларды жақсы көңіл -күймен қарсы алу.<br>**Дидактикалық ойын: «Көңілді таяқшалар»**<br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамыту.<br>**Сөйлеуді дамыту** | Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру.<br>**Дидактикалық ойын «Суретті толықтыр»**<br>Мақсаты: Балаларға берілген суреттерді толықтырып орналастыра білуге үйрету. | Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу.<br>**«Қай аспап жоқ?»**<br>Мақсаты: Балалардың зейінінің дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналарға кеңес:** Ата аналармен әңгімелесу. Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу. | **Ата-аналарға кеңес:** «Балаңызбен демалысты қалай өткізесіз?» Ата-аналармен сұхбат. | **Ата-аналарға кеңес:** Ата аналармен әңгімелесу. Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл - ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Құрылысшы**<br>Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар | **Үстел үсті ойыны:** «Бөліктерді құрастыр»<br>Мақсаты: Зейіндікке баулу.<br>**Құрастыру** | **«Дөңгелектер»**<br>Мақсаты: Ермексаздан машина жасап құрастыру.<br>**Мүсіндеу** | **«Сипап көр»**<br>Мақсаты: Сипап сезу арқылы көкөністердің атын табу.<br>**Математика негіздері** | **Құрастыру «Машина»**<br>Мақсаты: Құрлыс материалдарының негізгі бөліктері мен бөлшектердің бөліктерін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салатынын түсіндіру.<br>Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету.<br>**Құрастыру** | | | | түсімен шамасы бойынша ажыратуға үйрету.<br>**Құрастыру** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары (жалаушалармен).<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауды сермеп "Жаса!" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ арасы алшақ, жалаулар тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауды жоғары желбіретіп "Тербе!" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқты бірге ұстау, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | ***Ойын-жаттығу :***<br>*Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз.*<br>*Астан басқа өзгені. Ойламаймыз біздейміз.*<br>***(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)*** | | | | |
| | Нан қиқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып, кастерлеп<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**Сөйлеуді дамыту** | **«Ас адамның арқауы»**<br>Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап | **Ойын-жаттығу «Таза қолдар»**<br>Балалардың назарын тағамға аудару.<br>Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен | **Ас қайыру тақпағы:**<br>Жегеніміз нан болсын!<br>Айтарымыз ән болсын!<br>Тамақ берген апайға,<br>Айтарымыз оң болсын!<br>Әумин! | **Ойын- жаттығу:**<br>Астың алды үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тыңдаймын» | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, қоршаған обьектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған, Аспаным!<br>Сәлем саған, алтын Күн!<br>(Қолдарын көтеру)<br>Сәлем саған, туған Жер!<br>(Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу)<br>Сәлем, бүкіл Жер шарым!<br>(Қолдарын кілемге баяу түсіру)<br>Сәлем, үлкен отбасым!<br>Сәлем берді балашың!<br>Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғары көтереді.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Таңғы сәлемдесу<br>"Сәлем, саған көк аспан!"**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу;<br>қоршаған обьектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған көк аспан! (Қолды жоғары көтеру)<br>Сәлем саған күн нұры! (Екі қолды қосып, шеңбер жасау)<br>Сәлем саған жер ана!<br>(Қолды баяу түсіру)<br>Сәлем саған, достарым! (Барлық балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтереді)<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аударып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қане, достар қуанайық.<br>Қуанайық құстарға да,<br>Күнге де,<br>(Балалар қолдарын жоғары көтереді)<br>Қуанайық жымың қаққан көздерге.<br>(Бір - біріне қарап жымиады)<br>Бүкіл әлем қуансын бізбен бірге,<br>(Қолдарын екі жаққа қарай ашады)<br>"Қайырлы таң!" деп, айтамыз біздер Сізге!<br>(Барлығы қол ұстасады)<br>"Қайырлы таң!" ата-анамыз, Сіздерге!<br>"Қайырлы таң!"<br>қалады тағы бізбенен!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу;<br>қоршаған объектілерге, жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Армысың, Әлем!<br>Армысың, Жарық күн!<br>Армысың, әбзал Адам!<br>Армысың, менің досым!<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>шаттық шеңберінде сәлемдесу.<br>**Жүру.** "жыланша" | **Дене шынықтыру**<br>Шаттық шеңберінде сәлемдесу.<br>**1. Жүру.** Екеуден | Видео материал көру әңгімелесу.<br>**«Менің төсегім» «Үш аю» ертегісі бойынша** | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Өсімдіктер".<br>Мақсат-міндеттер. | **Қазақ тілі**<br>"Адамдар. Адам бетінің бөліктері. Тазалық - денсаулық кепілі." |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру. **Жүгіру.** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, аланның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру. **Жалпы дамыту жаттығулары № 22текшелермен орындалатын к е ш е н Негізгі қимылдыр: Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру. **Еңбектеу, өрмелеу.** 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен | (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, **2. Жүгіру**. тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. **Жалпы дамыту жаттығулары № 23 доппен орындалатын кешен Негізгі қимылдар: Секіру**. Тұрған орнынан жоғары секіру, сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. **Еңбектеу, өрмелеу.** доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). **Қимылды ойын:** «Кегілді дал көзде» Мақсаты: кеңістікте бағдарын айқындау | **Жұмбақ жасыру** Үйге қажет бәрі де, Киім іліп қойғанға Шкаф қажет әрине, Тамақтарды қоятын, Үстел керек әрине, Үстелге кеп отыратын, Орындық қажет әрине. Бұларды біз бір сөзбен не деп айтар едік. **(Жиһаздар)** Төрт аяғы болса да, Етік киіп көрмеген. Жалқаулығы соншама, Аттап шықпас бөлмеден. **(Үстел)** Мен жайлымын, жұмсақпын, Мені табу қиын емес. Ұнатады әжелер мен сәбилер, Отыруға, жатуға. **(Диван)** - Балалар, орманда қоңжықтардың достары тұрады екен. («Үш аю» ертегісіндегі аюлардың суреттері көрсетіледі) Олардың үйлерінде бір жағымсыз жағдай болды. Олардың үйлеріне кіріп, жиһазды сындырып тастапты. **Ойын:** «Не жетпейді?» Шарты: Жиһаздардың | Балаларды өзара ұжымдасып шығармашылықта сурет салу тәртібіне үйрету; алдын-ала борщамен салынған өсімдік өскен ыдыс бейнесінен шығып, созылып жатқан үй өсімдіктерінің бұталары бойына жапырақтарды саусақтармен жақпалап, салуға үйрету. **"Кім не жейді?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері туралы. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл | Адам, оның дене мүшелері, адам бетінің бөліктері туралы, адамның жердің барлық бөлігінде өмір сүретіндігі туралы балалардың білімдерін қалыптастыру; пантомимикаға үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, қазақ тіліндегі сөздерді есту арқылы қабылдау қабілетін және есту зейінін дамыту, монологтық сөйлеу негіздерін, ойлау қабілетін дамыту, жағымды көңіл күйін білдіре алуы. Қуыршаққа деген жақсы көзқарасқа, мәдени-гигиеналық дағдыларын сақтауға баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Өз орныңды тап»<br>**Мақсаты:**<br>Қорытынды<br>**Тыныс алу жаттығуларын жасату** | Қорытынды<br>**Тыныс алу жаттығуларын жасату**<br><br>**«Менің бөлмем»**<br>Нұсқау беру:<br>Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруді дамыту.<br>теледидардан балалар бөлмесі көрсетіледі.<br>Мынау қандай бөлме?<br>Сендерде өз бөлмелерің бар ма?<br>Онда қандай заттар бар?<br>Ол орындық не үшін керек?<br>Орындықтың түсі қандай?<br>Біздің топта орындық бар ма?<br>Мынау не?Қандай пішінге ұқсады?<br>Ол диван не үшін керек?<br>Мынау не? Дұрыс кереует.<br>Кереует не үшін керек?<br>Кереуеттің түсі қандай?<br>**Д/ойын:** «Ұқсас | бір бөліктері жетпейтін суреттер көрсетіледі.<br>**(сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет)**<br>Қонжықтарға арнап керуеттің суретін салу<br>**(Сурет салу)**<br>Құрылыс заттарынан жуынатын бөлме құрастыру | құстарына азық-түлік болу.<br>**(қоршаған ортамен таныс)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | пішінді тап» Балалар ойыншық жиһаздарды пайдалана отырып, ұқсас пішіндерді табуы керек. **(математика негіздері)** Ақ қағаз бетіне, сары, қызыл түсті қағаздардан жиһаз түрлерін жапсыру. **(Жапсыру)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. |
| **Серуен** | Картотека № 1 | Картотека № 2 | Картотека № 3 | Картотека № 4 | Картотека № 5 |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. | Киімдерін ретімен шешіп, шкафтарына бүктеп қоюға қалыптастыру. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. |
| **Түскі ас** | Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын | Тағамды асықпай жеу керек. | Ас ішер алдында қолыңды жуу керек. | Тағамды асықпай жеу керек. | Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. | | | | реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. |
| **Күндізгі ұйқы** | Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі | «Әлди –әлди ұйықтайғой» **Сөйлеуді дамыту** | «Бесік жырын» тыңдату | Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі | «Балапаным» музыка тыңдату. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балапандар тұрайық, Көзімізді ашайық. Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. | «Велосипед» жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп, аяқты кезекпен сермеу | Ауыр тастар көтеру». Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп – түсіру | Су-джок терапиясын қолдану | Массажды төсеніш үстімен жүру |
| **Бесін ас** | Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. | Балалардың назарын тағамға аудару. | Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. | Балалардың назарын тағамға аудару. | Балалардың назарын тағамға аудару. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Дөңгелектер»** Мақсаты: Ермексаздан машина жасап құрастыру. **Құрастыру Мүсіндеу** | **«Кім солай сөйлейді?» доппен ойын** Мақсаты: Жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету. **Сөйлеуді дамыту** | **«Өз үйіңді тап» дидактикалық ойын** Мақсаты: Түстерді ажыратуға жаттықтыру, қабылдауын дамыту, ойынның ережесін сақтауға үйрету. **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Танымдық ойын: «Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»** Мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. **Математика негіздері** | **«Ит адамның досы»** Мақсаты: Ит туралы түсінік беру. Қол икемділігін дамыту. **Құрастыру Мүсіндеу** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Айару , Асмир _Танымдық және зияткерлік дағдылары Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды пайдалана отырып, олармен ойнайды | Алия, Айтқали Өзі, отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары жайлы сұрақтарға жауап береді; белсенді сөздікте барлық сөз таптарын қолданады | Аюжан,Батырхан Коммуникативтік дағдылары Қысқа өлеңдерді анық, асықпай айтады, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; ертегінің мазмұнын түсінеді және эмоционалды | Артур, Нұрислам Қағаз бетіне бояулармен штрихтар, жақпалар, сызықтар салады; дайын сұлбаға элементтерін салып аяқтайды (марғаудың құйрығын салады); | Қайсар,Медина Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс- әрекетінің дамуы Түрлі-түсті қарындаштармен, фломастердің, гуашьтің төрт түсімен сурет салу біледі, музыка сипатына сәйкес |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қабылдайды | | қозғалады. |
| **Серуенге дайындық** | Достарымен ішке кіру. «Менің досым» **Мақсаты:** Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру. «Қысқы орман» **Мақсаты:** Қысмезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Қысқы орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру. **Көркем әдебиет** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. «Көшедегі үйлер» **Мақсаты:** Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру. Көшедегі үйлерді әр түрлі фигуралардан қиып жапсыруға дағдыландыру. **Жапсыру** | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. **Құрастыру, жапсыру** | Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала. Ал ертеңде ол жуынбаса –ештеңе деп аталмайды ол бала. **/Көркем әдебиет/** «Табиғатта қандай өзгерістер болды?» **Мақсаты:** Балаларға жыл мезгілдерін қайталату. Жанды және жансыз табиғат туралы түсіндіру. **Қоршаған ортамен танысу** |
| **Серуен** | Картотека № 1 | Картотека № 2 | Картотека № 3 | Картотека № 4 | Картотека № 5 |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету. | Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау. | Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету. | Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |